

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1328 және 2005 жылғы 27 маусымдағы N 635 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 1468 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 759 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.11.2017 № 759 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1328 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 35, 462-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында салынған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау және жұмыс комиссияларының өкілеттіктерін, міндеттерін, сондай-ақ міндетті құрамын белгілеу ережесінде:

4-тармақтың б) тармақшасы "ұсыныспен бірге" деген сөздерден кейін " анықталған бұзушылықтарды жою үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың екінші абзацындағы "Қажет болған ретте тапсырысшы ( инвестор, құрылыс салушы)" деген сөздер "Тапсырысшы (инвестор, құрылыс салушы) өз шешімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. Тапсырысшы жұмыс комиссиясының жұмысты бастау және аяқтау күнін белгілейді.

Тапсырысшы комиссия мүшелерінің осы хабарламаны алғандығы туралы жазбаша растай отырып, қабылдау рәсімдері басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей комиссияның барлық мүшелеріне оны жүргізу күні туралы жазбаша хабарлайды.";

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 840 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 25, 264-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 25, 259-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов